

## "Қазақстан-Қытай" магистральдық газ құбырының желілік бөлігін пайдалану үшін қауымдық сервитут белгілеу туралы

Алматы облысы әкімдігінің 2017 жылғы 15 қыркүйектегі № 368 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2017 жылы 3 қазанда № 4337 болып тіркелді

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 16, 69-баптарына, "Магистральдық құбыр туралы" 2012 жылғы 22 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес "Қазақстан-Қытай" магистральдық газ құбырының "А", "В" және "С" желісі желілік бөлігін пайдалану үшін жер учаскелерін меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қоймай қауымдық сервитут белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С. Бескемпіровке жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімінің м.а.

Л. Тұрлашов

Алматы облысы әкімдігінің 2017 жылғы "15" қыркүйектегі "Қазақстан-Қытай" магистральдық газ құбырының желілік бөлігін пайдалану үшін қауымдық сервитут белгілеу туралы" № 368 қаулысына қосымша

№	Аудан атауы	Қауымдық сервитут белгілеу көлемі (гектар)	оның ішінде						
			а у л шараушылығы (алқаптары (гектар)	оның ішінде егістік (гектар)		шабындық (гектар)	жайылым (гектар)	селитебтік аумақ (гектар)	басқа да алқаптар (гектар)
				барлығы	оның ішінде суармалы				
"А", "В" желісі									
1	Еңбекшіқазақ	504,6176	494,2888	199,3438	179,1609	37,5414	257,4036	-	10,3288
2	Жамбыл	287,4943	286,8339	15,2088	-	15,7463	255,8788	-	0,6604
3	Іле	210,1534	206,3849	61,94	16,602	-	144,4449	-	3,7685
4	Қарасай	49,2122	48,5331	31,2099	-	-	17,3232	-	0,6791
5	Панфилов	106,4138	103,3831	2,352	2,352	8,6055	92,4256	-	3,0307
6	Талғар	68,1348	65,5967	27,8865	7,9316	-	37,7102	0,1095	2,4286

7	Ұйғыр	133,649	129,1455	40,5336	39,6685	24,9748	63,6371	-	4,5035
"С" желісі									
1	Еңбекшіқазақ	258,6306	253,5101	99,9059	88,2979	17,7394	135,8648	-	5,1205
2	Жамбыл	147,0008	146,6869	9,8244	-	4,6112	132,2513	-	0,3139
3	Іле	110,5505	108,0495	33,0441	9,2609	-	75,0054	-	2,501
4	Қарасай	25,6634	25,2303	23,8960	-	-	1,3343	-	0,4331
5	Панфилов	58,7271	57,5332	1,3549	1,3549	4,6778	51,5005	-	1,1939
6	Талғар	37,072	34,3512	16,0579	5,384	-	18,2933	0,4293	2,2915
7	Ұйғыр	72,2167	69,6488	21,5673	21,2305	13,6973	34,3842	-	2,5679

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК